



# Ақмешіт

22 сәуір  
сенбі

№32 (1939)

2023 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

### РЕФОРМАЛАРДЫҢ ТҮПКІ МАҚСАТЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІРІН ЖАҚСARTУ



**Осы аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөнінде кеңейтілген кеңес өтті.**

Елордада өткен жиынға Премьер-Министр, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің төрағалары, Президентке есеп беретін мемлекеттік органдардың басшылары, Үкімет мүшелері, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстар мен аудандардың әкімдері, парламенттік фракциялардың жетекшілері, сондай-ақ Парламент палаталары, облыстық және аудандық мәслихаттар комитеттерінің төрағалары қатысты.

Мемлекет басшысы өз сөзінде саяси реформалар дамудың жаңа кезеңіне жол ашқанын және экономиканы түбегейлі жаңғыртудың берік негізін қалағанын атап өтті.

– Осында отырған әрбір мемлекеттік қызметші өзіне орасан зор міндет жүктеліп отырғанын сезінуге тиіс. Бұл – ең алдымен, барша Қазақстан халқының алдындағы жауапкершілік. Сіздердің шешімдеріңіз бен іс-әрекеттеріңіз елдің бүгінгі мен болашағына тікелей әсер етеді. Сондықтан күнделікті мәселелерді шұғыл шешумен ғана шектелмеу керек. Сіздер мемлекетшіл-реформатор болуларыңыз қажет. Реформаларымыздың түпкі мақсаты – халықтың өмірін жақсарту. Ол үшін тұрғындардың табысын көбейту керек. Жайлы өмір сүруіне жағдай жасап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. Азаматтардың өзін-өзі дамытуына барлық мүмкіндік жасалуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2 бетте

#### ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ

Аптаның бейсенбісінде қала әкімі Асылбек Шәменовтің төрағалығымен актив отырысы өтті. Жиынға қалалық мәслихат төрағасы, қала әкімінің орынбасарлары, бөлім басшылары, кент және ауыл әкімдері, мекеме басшылары мен БАҚ өкілдері қатысты. Қарлық өзгерістерге байланысты өткен актив отырысында жаңа аппарат басшысы тағайындалды. Бұл лауазымға Абатов Жасұлан Уәлиұлы тағайындалды.

### АППАРАТТА ЖАҢА БАСШЫ



Қала әкімі аппаратының алдында тұрған шешілуі тиіс мәселелерге тоқталған Асылбек Шәменовтің тағайындалған аппарат басшысына бірқатар міндет жүктелді. – Жасұлан Уәлиұлы, өзекті мәселелерге терең талдау жасап, жұмыстың тиімділігін арттырып, кадрлық құрамды нығайтып, тәртіпті күшейту керек. Бұл ретте, мемлекеттік қызметте жинаған мол кәсіби тәжірибені осы жұмыстарды жоғары деңгейде іске асыратынына сенім білдіремін, – деді қала әкімі.

Жасұлан Уәлиұлы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Жоғары білімді. Еңбек жолын 1996 жылы Қызылорда облысының ішкі істер органында бастаған. 2002-2013 жылдары Кеден органында және жеке секторларда жауапты басшылық лауазымда қызмет атқарған. 2013-2016 жылдары Қызылорда облысы әкімдігінің іс басқармасы басшысының орынбасары болса, 2016-2019 жылдар аралығында облыс әкімдігі іс басқармасының басшысы қызметін атқарды.

А.БЕК

Биыл қалада 9036 гектарға егін егу жопарланып отыр. Оның ішінде негізгі дақыл күріш 3 610 гектар, дәнді дақыл 107 гектар, картоп 500 гектар, көкөніс 1 330 гектар, бақша дақыл 990 гектар, мал азықтық дақыл 2 499 гектарды құрайды.

### ДАЛА ДҮБІРІ ҚЫЗА ТҮСТІ



Бұл туралы баспасөз орталығында өткен брифингте қала әкімінің орынбасары Дінмұхамед Ермеков баяндап өтті.

– Көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге барлығы 148 дана ауыл шаруашылығы техникасы қатысады. Бүгінгі күнге 1849 гектар ескі жоңышқа тырмаланып, 239 гектарға жана жоңышқа, 57 гектарға жаздық бидай, 35 гектарға қант құмайы егілді. Биылғы жылдың егісіне қажетті 918 тонна күріш тұқымы кұйылып, оның 13 пайызын отандық, 87 пайызын ресейлік сорттар құрайды. Атап айтқанда, отандық сорт бойынша 115 тонна «Сыр сулу», Ресейлік сорттар 291 тонна «Лидер», 512 тонна «Янтарь» егілді, – деді қала әкімінің орынбасары.

Көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге қажетті 479 тонна дизель отынын жеткізіп беруші болып «РК Мұнай» және «Жібек Жолы LTD» ЖШС белгіленді. Бүгінгі күні шаруашылық құрылымдары дизельді осы серіктестіктерден келісім-шарт негізінде сатып алуға.

Айта кету керек, қалаға қарасты Қарауылтөбе ауылдық округінен картоп, көкөніс және бақша дақылдарын егуге әр отбасыға уақытыша 10 сотық жер маусымдық кезеңге берілуде. Оған қала тұрғындары қызығушылық танытып, бүгінде 65 өтінім келіп түсті. Өтінім қабылдау жұмыстары мамыр айына дейін жалғасады.

А.НУРЛЫБАЙ

### ҚОСШЫҢЫРАУ: ГАЗДАНДЫРУ БАСТАЛДЫ



Құдай бұйырғанда алағай қыста Қосшыңырау ауылдық округінің тұрғындары пешке от жақпайды. Себебі бұл елді мекенде газдандыру жұмысы басталды.

Биыл Қызылорда қаласына қарасты елді мекендерде ауқымды жобалар жүзеге асуда. Соның бірі ретінде Қосшыңырау ауылын газдандыру жобасын атап өтуге болады. Осы аптада біз арнайы Қосшыңырау ауылына барып, жұмыс барысын көріп, мамандармен сөйлесіп қайтқанды жөн көрдік.

4 бетте

### ЖАНАРМАЙ ЖЫРЫ: Қымбаттаған баға, аландаған халық



Наурыз айында бұрынғы Энергетика министрі Болат Ақшалақов журналистерге бензин бағасының өспейтінін айтқан болатын. Алайда жанар-жағармай тапшылығы туындағанын айтқан экс-министр 12 сәуірден бастап жанармай бағасының өсетінін жеткізді.

Қазір нарықтағы АИ-92, АИ-93 маркалы бензин бағасы 182-187 тенгеден 205 тенгеге дейін өскен. Яғни баға – 11 пайызға артқан. Ал дизель бағасы 295 тенгені құрады. Бұл орташа есеппен 20 пайызға өскен.

Үкімет басшысы Әлихан Смайылов Энергетика министрлігінің жанар-жағармай бағасының өсетінін мәлімдегенін, бұл шешімді қабылдауға мәжбүр болғандығын айтқан. Оның сөзінше, бағаны қайта қарамаса, жуық арада мұнай өнімдерінің тапшылығы туындауы мүмкін. Елімізде дизель отынын қолдану жылына 1 адамға 300 литрден келеді екен. Ресейде бұл – 225 литрді құрайды. Тұтыну көлемі Өзбекстанда – 44, Қырғызстанда – 90 литр. Соңғы бес жылда бензин өндірісі 70 пайызға артса, дизель өндірісі 33 пайызға өсіпті.

4 бетте

### ҚАЙТАРЫМСЫЗ ҚАРЖЫ: КІМДЕР АЛАДЫ, ҚАЛАЙ АЛАДЫ?



Бүгінде елімізде кәсіп бастаймын деген жан үшін үлкен мүмкіндік бар. Түрлі мемлекеттік бағдарламалар аясында қайтарымсыз қаржы беріледі. Оған қоса жастарға жеңілдікпен несие берілетін болды. Тіпті бұл бағыттар бойынша жұмыстар басталып та кетті. Жалпы несие берудің бағыттары мен шарттарын көбі біле бермейді. Соған орай біз арнайы мамандардан пікір алып, мақала әзірлегенді жөн көрдік.

4 бетте

### СОЛТҮСТІККЕ КӨШІ: Жұмыс та бар, үй де дайын



«Қуатты өңірлер драйвері» ұлттық жобасы елімізде бірнеше жылдан бері жұмыс етуші жетпейтін солтүстік өңірлерге онтүстік халқыны көшіру шарасы жүзеге асып келеді. Бұл биыл да жалғасын таппақ.

3 бетте



# РЕФОРМАЛАРДЫҢ ТҮПКІ МАҚСАТЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІРІН ЖАҚСARTУ

Президент азаматтардың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған шынайы нарықтық экономикаға көшу қажеттігін атап өтті. Алдымызда күрделі кезең тұрғанын, қиын-қыстау заманда өмір сүріп жатқанымызды да жасирмады.

– Дәстүрлі экономикалық және логистикалық байланыстар үзіліп жатыр. Оған қоса инфляция шарықтап тұр. Әлем экономикасының даму қарқыны төмендеп кетті. Мемлекеттер қарызға белшеден батты. Сауда-саттыққа кедергі көбейді. Сондай-ақ елдердің өзара сенімі азайып барады. Мұның бәрі әлем экономикасындағы қалыпты жағдайға айналды. Бұдан былай табиғи байлық

керек. Осы екі бағыт экономикалық саясаттың аса маңызды жаңа бағдарына айналуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Алдағы жұмыстың нақты 8 бағытын атап өткен Президент, ең алдымен, азық-түлік бағасының өсімі, инфляцияның шарықтау шегіне жеткенін айтты.

– Жұрттың ай сайын жұмсайтын қаржысының тең жартысынан көбі азық-түлік алуға кетеді. Үкіметтің әрекеті жеткіліксіз болып отыр. Тыйым салу және шектеу шаралары уақытша ғана әсер етеді. Мұндай қадамдар қиындықтың бетін қайтарса да, одан біржола құтылуға мүмкіндік бермейді, тіпті мәселені ушықтырады деуге болады.

қияметтің қиыны. Оның үстіне, субсидия беру жүйесі өте күрделі және қажетті мәлімет көпшілікке қолжетімді емес. Субсидия бөлуі реттейтін жаңа цифрлық жүйе бұл түйткілді шеше алмай тұр. Әрине, біршама жұмыс атқарылды. Мұны жоққа шығаруға болмайды. Бірақ бұл бағыттағы жұмысты аяғына дейін жеткізу керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы инфляция өскен сайын халықтың нақты табысы құнсызданып жатқанын айтты.

– Жұрттың табысын әлеуметтік саланың шығысы есебінен арттырудың да шегі бар. Біз осы шекке жеткен сияқтымыз. Бұған қоса тұтыну несиелерінің көлемі

әкімдер инвестиция тартуды және жұмыс орындарын құруды күнделікті ойлауы тиіс, ал Үкімет оларға бұл жағынан көмектесуі тиіс, – деді Президент.

Мемлекет басшысы екінші жағынан салық саясаты ынталандырушы әрі икемді болуы тиістігін баса айтты.

– Мәселен, бүгінде Қазақстанда қатты пайдалы қазбалардың көптеген кен орыны бар. Оларды қазіргі салық салумен игеру экономикалық тұрғыда мақсатқа сай келмейді әрі тиімсіз. Шикізат жерде, монокалалар жанында бостан-бос жатыр. Бірақ оны азаматтардың игілігіне пайдалануға болар еді. Күрделі мұнай-газ кен орындары сияқты мұндай рентабельділігі төмен жаңа жобалар үшін салық жүктемесін жұмыс орындарын құру, қайта өңдеу қуаттарын салу, міндеттемелерді орындау шарттарын алмастырып, жеңілдетесек?! Үкімет бұл жұмыспен айналысып, жаңа салық саясатын әзірлеу барысында оны ескеруі тиіс. Қазір жаңа Бюджет кодексі дайындалып жатыр. Осы ретте бюджет ережелеріне және оны мүлтіксіз сақтау қажеттігіне назар аударғым келеді. Мұндағы ең басты қағида – көрпеге қарай көсілу. Ұлттық қорға жарнаса беруді доғару қажет. Мен бұл туралы осыған дейін де талай рет айттым, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



еліміздің орнықты дамуына негіз бола алмайды, – деді Мемлекет басшысы.

Республика Президентінің пікірінше, Қазақстан мұнай және газ өндіруші ел ретінде жаңа геэкономикалық жағдайға бейімделуі керек. Экономиканы жүйелі әртараптандыру – стратегиялық міндет.

Мемлекет басшысы көпшілікке белгілі «әлеуметтік лифт» ұғымына ұқсас кәсіпкерлерге арналған «экономикалық лифт» құрудың тиімділігін атап айтты.

– Негізі, әр аймақта сондай кәсіпкерлер бар. Міне, осы азаматтар нағыз қолдауға лайық. Олардың ісін елге танытып, кәсібін мемлекеттік деңгейге шығарған абзал. Сонымен қатар оларды бюрократтар мен күшті құрылымдардың зансыз әрекеттерінен қорғау қажет. Мен өзім де осындай кәсіпкерлерді ара-түра қабылдап, қолдау көрсетіп жүрмін. Ірі және орта бизнес саласында жүйелі жұмыс жүргізу

Ауыл шаруашылығы және өндіріс саласының дамуында нақты нәтиже жоқ. Азық-түлік инфляциясының басты себебі де осында. Елімізде өндірілетін тауардың көлемі ішкі суранысты қамтамасыз етуге жетпейді. Импортқа тәуелдіміз, – деді Президент өз сөзінде.

Үкіметтің алдында агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты өсімін қалыптастыру міндеті тұрғанын айтқан Мемлекет басшысы бағаны ауыздықтаудың жолдарына тоқталды.

– Агроөнеркәсіп кешенін дамытуға бөлінетін бюджет қаражаты тиімді жұмсалуда тиіс. Мұны мұқият қадағалау қажет. 2019-2021 жылдары өнім өңдеуге берілген субсидияны алайық. Бұл қаражаттың тең жартысы субсидия алам деушілердің 10 пайызының ғана қолына тиген. Субсидия алған кейбір пысықайлар өндірісті өркендетудің орнына бюджет қаржысын қалтасына басып, шалқын өмір сүрген. Ал қарапайым шаруалар үшін субсидия алу –

артып барады. Бұл әрекет – инфляция кезінде жан бағудың амалы. Бірақ мұндай ахуалдың әлеуметтік және саяси салдары өте ауыр болуы мүмкін. Тіпті банктердің өзіне қауіп төндіруі ықтимал.

Несиең ең алдымен, пайда әкелетін бизнеске, яғни тиімді жобаларға беру керек. Сонда жалақысы жоғары жұмыс орындары пайда болады. Жұрттың кәсіпкерлікпен айналысуға ынтасы артады. Бір сөзбен айтсақ, азаматтардың табысын көбейтуге мүмкіндік туады, – деді Президент.

Президенттің пайымдауынша, салықтық жеңілдіктерді негізінен жоғары қосылған құны бар өнім өндірісіне инвестиция тартуға және технологиялық экспортты ынталандыруға қайта бағыттау қажет. Бұл – мінсіз тәртіп міндеті.

– Бүкіл экономикалық саясатты біз экономиканы әртараптандыруға және түптеп келгенде инвестиция тартуға бағындыруымыз қажет. Барлық деңгейдегі

Басы 1-бетте

Осы аптада екі күн қатарынан қалада «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында «Қоныс аудару» бағдарламасы бойынша Солтүстік өңірлерден келген жұмыс тобының қатысуымен бос жұмыс орындары жәрменкесі өтті.

## ҮШ МЫҢҒА ЖУЫҚ ЖҰМЫС ОРНЫ ҰСЫНЫЛДЫ

Өңірлердегі өзекті мәселелерді шешуді көздейтін «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» атты ұлттық жобаның мақсаты айқын. Бүгінде жан-жақта осы жоба аясында атқарылып жатқан жұмыс ауқымы кең.

«Астана риза» сауда үйінде ұйымдастырылған жәрменкеге 5 өңір бойынша барлығы 3000 бос жұмыс орны ұсынылды. Делегация өкілдерінің айтуынша, Абай, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарында медицина, білім, құрылыс, ауыл шаруашылығы салалары және өзге де бағыттар бойынша мамандар тапшы. Сонымен қатар жергілікті жұмыс беруші 20 мекемеден 500-ге жуық бос жұмыс орны ұсынылды.

Жәрменкеге арнайы келіп, жұмыс барысымен танысқан қала әкімінің орынбасары Жанмұрат Сейілов жұмыс іздеушілерге лайықты жұмыс табуларына тілектестік білдіріп, сәттілік тіледі.

Осы шараға қала тұрғындары көп келді. Жұмыс іздеушілерге жұмыспен қамту орталықтары өкілдері мен жұмыс берушілер кеңес беріп, қоныс аударуға ниетті азаматтарды толыққанды мәліметтермен таныстырды.

Біз жәрменке барысында жұмыс іздеушінің бірі, қала тұрғыны Айбол Өмірзақұлының да пікірін білгенді жөн көрдік.

– Бітірген мамандығым құрылыс саласы болды. Бірақ нақты жұмыс таппаған соң осы уақытқа дейін әр жерде жұмыс істедім. Шыны керек, қазір тұрақты жұмыс табу қиын. Отбасылы болғаннан кейін жалақысы жоғары жұмысты іздеймін. Негізі жұмыссыздар жәрменкесіне жиі барып тұрамын. Енді осы жәрменкеге келіп, мамандармен сөйлесіп, бағыт бағдар алдым. Егер оймдағандай жұмыс табылса, бұл жобаны қолдаймын, – деген ойымен бөлісті.

Келесі тұрғын – Ақжамал. Тігін саласының шебері.

– Өзім жас кезімнен тігін тіккенді жақсы көремін. Осы кезде арнайы тапсырыспен тігін тігіп келемін. Бірақ тұрақты жұмысым болмай тұр. Биылғы мемлекеттік қайтарымсыз несиеге құжат тапсырып, үлгері алмай қалдым. Егер осы жәрменкеден жолым болып, жақсы ұсыныстар түссе, жан-жағыммен ақылдасып көремін. Жалпы жас кезде басқа өңірге барып жұмыс істеуден қорықпау қажет деп ойлаймын. Тәуекел етіп, бел бууымыз керек, – деді кейіпкеріміз Ақжамал.

Расында, жәрменкеге жұмыс іздеп келгендер арасында қызығушылық басым болғандығы байқалды.

Ақтоқын НҰРЛЫБАЙ

## Жұмыс іздеушілерге жасалған мүмкіндік

Осы аптада «Arag City Mall» сауда үйінде Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында солтүстік өңірлерге қоныс аудару және жұмыссыз жастарды, мүгедектігі бар жандарды, алименттік борышы бар және пробация есебінде тұрған азаматтарды жұмыспен қамту мақсатында бос жұмыс орындары жәрменкесі өтті.

Жәрменкенің басты мақсаты – өңірдегі жұмыссыздардың санын өсірмеу және екі қолға бір күрек таппай жүрген азаматтарды еңбекке тарту. Бұл жәрменке жыл бойы, әрі ай сайын өткізілетін болады.

Жәрменкеге өңірдегі 42 мекемеден 982 бос жұмыс орнына сұраныс келіп түсті. Сонымен қатар «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» аясында мемлекеттік бағдарламалар бойынша уақытша жұмыс орындарына да жолдама алу мүмкіндігі қарастырылды.

Семей, Қостанай, Ұлытау, Абай, Павлодар өңірлерінен келген жұмыс берушілер 3000-ға жуық экономиканың әртүрлі салалары бойынша бос жұмыс орындарын ұсынды. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы, білім, денсаулық, зоотехник, механизатор, техника қауіпсіздігін инженері, инженер-механик, көмір және цемент зауытының машинисті, электрғазбен дәнекерлеуші, орау машинасының операторы, ағаш және жиһаз өндірісінің оқытушы-шебері, құрылыс және монтаждау жұмыстарының шебері, кең профилді станокшы, техник, аспазшы, жүргізуші, автоэлектрик, дәнекерлеуші, іс жүргізуші, аудармашы, бухгалтер, еден жуушы, ветеринарлық санитары және тағы басқа да жұмыстар.

## Тасбөгеттіктер «Қоныс аудару» бағдарламасымен танысты

Қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және хал ақпараттың тіркеу бөлімінің ұйымдастыруымен Тасбөгет кенті тұрғындары үшін С. Майқанова атындағы мәдениет үйінде «Бос жұмыс орындары» жәрменкесі өтті.

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы шеңберінде «Қоныс аудару» бағдарламасымен ұйымдастырылған шарада Абай, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облысы бойынша 3000-ға жуық жұмыс орны ұсынылды.

Мамандардың айтуынша, жұмыскердің қоныс аударуы жұмыс берушінің есебінен іске асырылатынын, отбасы мүшелеріне материалдық көмек берілетінін және тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, жатақхана ұсынатындарын жеткізді. Экономикалық ұтқырлық сертификаты Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бекіткен ипотекалық және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің негізінде тұрғын үйі сатып алу кезінде ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу, тұрғын үйі сатып алу және салу үшін 4 млн теңге мөлшерінде ақшалай төлем ретіндегі материалдық көмек беріледі. Тегін кәсіптік білім беру мүмкіндігі де қарастырылған.

Қызылорда қаласынан 112 жұмыс орны ұсынылды. Олардың қатарында дәрігер, мұғалім, күзетші, дәнекерлеуші, қран айдаушы, қарапайым жұмысшы мамандықтары бар. Мәселен, «Сана» оқу орталығы ағылшын тілі, бастауыш сынып мұғалімдеріне зәру. «Шериф» күзет мекемесіне күзетшілер керек болса, автобус паркіне көлік жүргізушілер қажет.

Біз өз кезегінде жәрменкеге келген К. Оралова есімді тұрғынды сөзге тарттық. Ол «Отбасымызбен Семейге көшсек деп ойлап отырмыз. Мұнда өз үйіміз жоқ. Пәтер жалдап тұрамыз. Өз мамандығыма жұмыс табылып тұр. Семейден келген жұмыс берушілерге тізіліп кеттім. Жасыңыз ғой, тәуекел орнығып кетерміз. Өйтуеір шетел емес, Қазақстанның жері», – деген ойын жеткізді.

Әрине, талпынып талаптанған адамға қай жерде де мүмкіндік бар. Өзге өңірлерге қоныс аударуға ынталылар аз емес. Олардың көпшілігі жас отбасылар. Ерінбеген адам мүмкіншілікті пайдаланып, үй алып, жұмыс тауып тұрмысын түзекте. «Талапты ерге нұр жауар» деген осындайда айтылса керек.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

ақпарат алды. Аталған 5 өңірде білім, медицина және ауыл шаруашылығы мамандарына сұраныс жоғары. Жұмыссыз азаматтар «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасымен Ақмола, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарына ерікті түрде қоныс аудару алады.

А.ӘЛІМ

Қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Еркебайдың төрағалығымен өткен жыйында коммуналдық қызметтердің мәселелері талқыланды.

## Коммуналдық мәселе күн тәртібінен түспейді



Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Қызылорда тазалығы» мекемесі басшысының міндетін атқарушы Бауыржан Әбдігапарұлы «Қызылорда қаласының санитарлық-тазалық мәселелері» туралы баяндады. Қазіргі таңда кәсіпорын қызметкерімен қала көшелерінде санитарлық тазалықты сақтау бағытында жүйелі түрде жұмыстар ұйымдастырылып келеді. Кәсіпорынның мобильдік топтарымен тәуліктің кез-келген уақыттарында белгіленбеген орындар мен кестелен тазы уақытта қымыс тастаған тұрғындарды анықтауда.

Қала әкімінің орынбасары қала тазалығын қамтамасыз ету мақсатында құрылған мобильдік топпен анықталған әкімшілік құқық бұзушылықтарға позиция қызметкерлері тарапынан тиісті айыппұл салу жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша «Қала көлеміндегі ассенизатор автокөліктермен рұқсат етілмеген жерлерге көріз суларын төгу жағдайлары» туралы «Қызылорда су жүйесі» мекемесінің заң бөлімінің басшысы Фараби Ұзақов баяндап өтті.

Баяндамасында биылғы жылы рұқсат етілмеген жерлерге лас суларды төгу фактілерін анықтау мақсатында жүргізілген рейд барысында жеке ассенизатор автокөліктерімен заңсыз көріз суларын төгудің 96 фактісі тіркеліп, кәсіпорынға жалпы 7,6 млн теңгеге шығын келтірілгенін атап өтті.

– Орын алып отырған заң бұзушылықтарды ескерсек, жоғарыда аталған әр саладағы жұмыстарды ширату керектігін көрсетеді. Тазалық тәртібін бұзып, көріз суларын бей-берекет төгетін автокөліктердің жолын кесуге басымдық беру қажет, – деді Ғалымжан Бақтығалиұлы.

Қала әкімінің орынбасары Жанмұрат Сейілов бірқатар әлеуметтік нысандарды аралап, жұмыс барысымен танысты.

## Әлеуметтік саланың хәлі қалай?



Жанмұрат Жақсымұратұлы аралау жұмыстарын қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөліміне қарасты «Өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарды қайта әлеуметтендіруге арналған орталығы» мен «Қылымстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығынан» бастады.

Бүгінгі күні «Өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарды қайта әлеуметтендіруге арналған орталығы» күндізгі бөлімде 50 орынға және түнмелік 10 орынға жеті түрлі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуде. Кездесу барысында мекеме қызметкерлерінің ұсыныстары тыңдалып, орталық басшылығына тиісті тапсырмалар жүктелді.

Келесі нысан – «Қылымстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалту орталығы» болды. Орталықта қылымстық жазасын толық өтеген және пробация қызметі есебінде тұратын азаматтарға 7 арнаулы әлеуметтік қызметпен қатар, азаматтардың жұмыспен қамтылуына және тұрмыстық орналасуына, кәсіптік білім алуына жәрдемдесу, құқықтық, психологиялық және медициналық көмек көрсетіледі. Мекеме директоры Бахыт Нұртаев азаматтарға көрсетілетін психологиялық және басқа да әлеуметтік қызметтердің нәтижелі болуы үшін қызмет алушылардың психологиялық жай-күйін зерттейтін «Ақ Сұңқар» аппараты мен компьютер жанытығын алуға қажеттілік бар екенін хабарлады. Өз кезегінде қала әкімінің орынбасары мәселеге байланысты ұсыныс беруді тапсырды.

Одан кейін Жанмұрат Жақсымұратұлы Қажымұқан Мұнайтыпасұлы атындағы спорт клубына табын тіреді. Қазіргі таңда клубта спорттың 14 түрінен үйірмелер ұйымдастырылып, 20 жаттықтырушы қызмет етеді.

Бұған дейін мекеме басшылығы тарапынан спортпен толыққанды

шұғылданду үшін қосымша спорттық құрылыстармен жабдықтау және жастар мен жасөспірімдер арасында кең көлемде жарыстар өткізуге қаржы қарастыру жөнінде ұсыныс білдірілген болатын. Жанмұрат Жақсымұратұлы осы ұсыныстар мақұлданып, бюджет қарауына жолданғандығын жеткізді.

Одан кейін қала әкімінің орынбасары Қызылорда қаласының тарихи музейінде болып, жәдігерлермен танысты және музей қорын толықтыру мақсатында бюджеттен қажетті қаржының қаралатындығын айтты.


Өрі қарай, қалалық орталықтан-дырылған кітапханалар жүйесінде болып, сала қызметкерлерінің ұсыныстары тыңдалып, орталық басшылығына тиісті тапсырмалар жүктелді.

Мұнан кейін қалалық жастар ресурстық орталығына барып, жастардың бос уақытын тиімді өткізу бағытындағы жобалармен танысты. Орталықта жастардың түрлі бағыттағы сұранысына орай WI-FI, коворкинг орталығы, спорттық секциялар, креатив фото-видео студиясы, би залы және жастар ұйымдары кабинеті тегін қызмет көрсетуде.

Биыл орталыққа қала әкімінің қолдауымен 3 штат және жастарға қажетті әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға қаражат бөлу жоспарға енгізілді.

Қала әкімінің орынбасары әлеуметтік нысандардың жұмыстарымен танысқан соң, мекеме басшыларына ғимараттарға уақытты жөндеу жүргізу, ауласын көгалдандыру шараларын назардан тыс қалдырмауды тапсырды. «Ақмешіт-ақпарат»





«Адам өмірді тануда сүренді, сүренсіз, баянды, баянсыз жолдармен жүріп барып шыңдалады. Осы жолдың ең дұрысы – еңбек ету» деген Шығыстың философиясы ойға түседі. Адал еңбек әрқашан адам абыройын асқаттады. Ол үшін ел жүгін көтере біліп, сенімді ақтау жолында шаршамай, талмай еңбек ете білу үлкен ерлік. Біз әңгіме арқауы еткілі отырған Аманкелді Махатаев кезінде облысқа іскер-ұйымдастырушы қабілетімен танылып, досқа беріктігімен қадірін асыра білген азамат.

Іскер әрі ұйымдастырушы қабілетімен таныла білген деуіміздің себебінің сыры мынада. Сонау 1980 жылдардың орта тұсында КСРО-дай алып мемлекетті басқаруға С.М.Горбачев келді. Осы тұста елде қайта құру кезеңі басталды. Сол жылдары біздің облысқа Социалистік Еңбек Ері, қазақтың біртуар азаматы Еркін Әуелбеков басы болып келді. Осы шақта жергілікті кадрларды қайта іріктеу басталып, білім мен білігі, іскерлігі мен ұйымдастыру қабілеттері сараланады. Осы іріктеуде облыс басшысының алдынан сүрінбей өткен Аманкелді Махатаевты Сырдария аудандық партия комитетінің партиялық бақылау комиссиясының төрағасы қызметіне бекітеді. Оның өз қызметіне аса жауапкер қарайтындығын, алғырлығын, принципшілдігін, адалдығын және білікті маман екендігін аңдаған облыс басшысы Е.Әуелбеков өзі қолынан алып тұрып: «Алдағы уақытта сендей білімді де білікті кадрлар бізге аса қажет» дейді. Дуалы ауыздан, мынадай үлгі сөз естіген Аманкелді ағамыз жаңа қызметіне құлшына кіріседі.

Оның қиындығы сол партиялық бақылау комиссиясы төрағасы қызметі – нағыз екі оттың ортасы екендігін түсінді. Ауданда әртүрлі арыз-шағым көп. Оның артында адам тағдыры тұр. Қиын кетсең басына бұлт үйіледі. Алайда өзінің біліктілігін арқасында бұл жұмысты жолға қоя білді. Содан арада жыл өткен соң мінсіз қызмет атқара білгені үшін облыс басшысы Е. Әуелбековтың қолынан облыстық партия комитетінің «Құрмет» грамотасын алады.

Алайда уақыт бір орында тұрған ба? Арада жылдар жылжып КСРО келмеске кетіп ыдырап, еліміз егемендігін жариялады. Осы тұста Аманкелді Махатаевты Сырдария ауданы әкімінің аппараты басшысы қызметіне келді. 1997 жылы Үкімет

оңтайландыру саясатын қолға алған шақта Сырдария ауданы құрыққа ілігіп, бір ауданды үшке бөліп, жан-жаққа бөліп жіберді.

Аудан тарайтынын алдын ала сезсе де, қолында жарты биліктің шеті тұрса да, аттан салып жоғары жаққа шығып, жағдай айтып қызмет сұрамады. Өйткені «Не көрсемде, осы көште бірге жүрген әріптестермен бірге көрермін» деген адалдық тұрды. Оларды аттап кеткендей болуға ар-ұяты жібермеді. Бір жағынан оның ер жігітке тән өр мінезі мен мәрттігі тағы бар. Айналасындағы өзі

Сен маған семсердейсің қайралмаған,

Табанды, мәрт мінезіңе қайран қалам! – деп таңдана, таңғала, жан досына арнапты. Алланың берген өмірі болар, Әс ағаның жырға қосқан жан досы Аманкелді Махатаевтың үстіміздегі жылдың сәуір айында 80-ші көктемге аяқ басты. Жырдың сұңқары, ақындардың тұлпары Әскербек аға досына жыр арнау себебі «Кеудеден жаны шыққанша сыйласқан адал достық басына іс түскенде сырт айналмай, өміріңнің соңына дейін сыйласа білген нағыз достық болатынын бүгінге үлгі етсе керек.

арнайы бригаданы жасақтап алып бару, оларға қызмет көрсетуі ұйымдастыру оңай жұмыс емес. Бригада құрамында денсаулық, сауда, тұрмыстық қызмет көрсету, мәдениет, баспасөз салаларының қызметкерлері мен үгіт-насихат топ мүшелері бар. Басшылық қызмет жайлы орындықта шіреніп отыру емес, халыққа адал қызмет көрсету қажеттігін мәдениет бөлімін басқарғанда толық түсінді. Көктемде қой өрген қырда, жазда егістік алапта, күзде дән тасыған қырманда мәдени іс-шараларды өткізу уақыт таңдамайды. Осылай тынымсыз тірліктің жетегінде шапқылап жүр-

## Мәрт мінезді, бекзат болмысты

секілді әріптестері де қызмет іздеу жайлы сөз қозғап жатқан жоқ. Сырдария ауданы алаңсыз тараған соң «жоғарыда отырған жөн білетін азаматтар ғой, өздері іздер» деп мойнын ешкімге соза қоймайды. Болжамы дұрыс келіп, осындай өліра шақта Аманкелді ағамызды облыстық Көші-қон басқармасы сауатты, білікті маман екендігін біліп бас маман қызметіне шақырады. Мәрттігі мен бір беткейлік қасиет арғы атасының қанымен келсе керек. Бұл кісі найман руындағы Тіней батырдың ұрпағы Оразай ишанның тікелей ұрпағы.

– «Өмір – қатал сыншы. Босбел-беулікті, боркемікті ұнатпайды. Алдына мақсат қоя білу керек. Оған жету үшін біртүрлік, өрлік, қажыр-қайрат, күш-жігер, тынымсыз еңбек, терең білім қажет. Міне, сонда ғана мақсатыңа, арманыңа жетесің. Бәлкі, сонау қиын-қыстау кезең Ұлы Отан соғысы жылдарында дүниеге есігін ашқандықтан ба, өмірді түсініп, ерте сезініп өстік. Жалаңақ жүріп ер жеттік. Соғыз біткен сонда жағдай бірден жақсарып кеткен жоқ. Менің сонау қызығы мол студент шақта тапқан достарым да осындай жандар қатарынан болды.

Сол достарымды әрдайым сағына емес алып отырамын. Өзің білетін, қыран қанатты ақын Әскербек Рахымбековтың орны бөлек қой» – деп Аманкелді ағамыз терезеден сыртқа мұздана қарады. Біршама уақыттан кейін сарғайған облыстық «Сыр бойы» газетін қолыма ұстатты. Қарасам, Әскербек ағаның бірнеше өлеңдері жарық көрген екен. Соның ішінде мына бір жыр жолы бойыма айрықша жылылық ұялатты. Досты бағаласа, осылай бағалау керектігі осы жыр жолының астарында толық аңғарылады.

...Дос болып жарты ғасыр біз

Аманжан, іздесек табылатын

Қалайша қартайдық деп

Шабьттың шалқарында жүр

Студенттік шақтар қайда

Жаз дидар жас күндер-ай

Жайраңдаған!

келеміз,

іргедеміз.

күрмелеміз,

кемеміз.

сайрандаған?..

жайраңдаған!

Сол Әс аға жырлаған нағыз досы, біз білетін Аманкелді Махатаевты бір кездегі Сырдария ауданы, қазіргі Шиели ауданына қарасты М.Шокай ауылында 1943 жылы дүниеге келген. Осы ауылда онжылдықты 1961 жылы бітірісімен жолы болып, Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы пединституттың қазақ тілі мен әдебиеті және музыка факультетінің студенті атанады. Осы студент атанған шақта Сырдың сырбас ақыны Әскербек Рахымбеков, елге танымал қоғам қайраткері Зинабдин Шермағамбетов, партия және кеңес қызметкері, марқұм Өтеп Төлбаев және Балтабек Байсынов секілді жаңа достар табады. Бірде аш, бірде ток студент шақта осы қалада бір бөлмелі пәтерді олармен бірге жалдап тұрып, бір үзім кара нанды теңдей бөлісіп жейді. Осылай студенттік шақта басталған сыйластық кейін де, елдің үзім кара нанды теңдей бөлісіп жейді. Осылай студенттік шақта басталған сыйластық кейін де, елдің үзім кара нанды теңдей бөлісіп жейді. Осылай студенттік шақта басталған сыйластық кейін де, елдің үзім кара нанды теңдей бөлісіп жейді.

1965 жылы жоғары оқу орнын бітірген Аманкелді Махатаевты қала іргесіндегі «Коммунизмдегі» №43 мектепке мұғалім болып орналасып, алғаш еңбек жолын бастайды. Сол кездені «Коммунизм» Сырдария ауданына қараған. Жігерлі де, ізденімпаз жігіт көп ұзамай директордың орынбасары қызметіне көтеріледі. Оның еңбекқорлығы, білім жолындағы ізденімпаздығы, тынымсыз жұмыс істеуі, ұйымдастыру қабілетінің зор екендігі Сырдария ауданының басшыларының құлағына жетеді.

Содан оны 1973 жылы Сырдария аудандық мәдениет бөлімін басқаруға шақырады. Батылдығын бойына жиып, аудандық мәдениет бөлімінің басшылығы қызметіне барады. Өрне, онай қызмет емес екендігін жақсы біледі. Ерте көктемнен бастап қыр жаққа Сарысуға шығатын шопандар аялдайтын пункттер мен далада жер айдап жатқан механизаторлар қасынан, жазда дикандар қосынынан табылып, оларға әртүрлі сала мамандарынан құралған

генде отбасына қарауға уақыт жоқ. Осы жылдар ішінде мемлекетке күршітен жоғары өнім тапсыруда Сырдария шаруашылықтарынан жұмысшылар қатары шығып, оларға Аманкелді ағамыз бастаған аудандық мәдениет бөлімі қызметкерлері рухани күш сыйлай білді. Тынымсыз тірліктің арқасында 15 жылға жуық басқарған мәдениет бөлімінің жұмысы Сырдария ауданы бірнеше рет республикалық фестивалінің лауреаты, 2 рет республикалық халық театрының байқауының жеңімпазы атанды. Нәтижесінде аудандағы екі ұжымға «Халық театры» атағын алып береді. Халық әндерін насихаттаушы, термеші, марқұм Темірхан Ергалиевтің, айтыскер ақын, эпикалық жыршы Серік Өтеуов, әуесқой сазгер Саттар Шынтаевтың, «Құрмет белгісі» орденінің иегері, энциклопедия редакторы Иманжаппаров секілді талантты азаматтардың бағын ашты. Бұлардың бәрі Бүкілодақтық фестивальдің лауреаттары атанғандар. 15 жылға жуық басқарған Сырдария аудандық мәдениет бөлімінің соң, партия мен кеңес қызметіне ауыстырғанда да іскерлігі мен біліктілігін көрсете білді.

Соның нәтижесі болар, ҚР Президентінің «Құрмет» грамотасымен, «ҚР Тәуелсіздігінің –10» жылдығы медалмен марапатталған. «ҚазССР-нің халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағын алған.

Зайыбы Палтай Бекжанова екеуі 5 ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсіріп, бүгінде солардан өрбіген немере мен шөберелердің шаттығына бөленуде. Бәрі де отбасылы, жоғары білімді ел азаматтары. Палтай анай ұзақ жыл білім саласында мұғалім болған. Бүгінде зейнеткер, отбасының тілеуімен отанасы. Әр немерелері келген сайын бір жасап қалайып, шүкіршілік етеді. Палтай апаймен бас қосқандарына биыл аттай 60 жыл толыпты. Сексенінші көктемін көрген Өбекен ағамыз жаңа Қазақстанның жарқын болашағына нық сеніммен қарап, Ұлы Өмір көшіне ілесіп барады.

Кенжалы ЕРІМБЕТОВ,  
ҚР БАҚ саласының үздігі

### РЕПРЕССИЯ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2020 жылы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия» жұмысын бастады. Бұл бағытта қызылордалық тарихшы ғалымдар да екі жылдан астам уақыттан бері жүйелі жұмыс жүргізуде. Аталған бағытта еліміздің барлық өңірінде комиссия құрылды. Нәтижесінде мақсатты түрде 11 бағытта тиісті іс-шаралар қолға алынды.



## Зобалаң жылдар зардабы

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі ғылыми бағыттағы жұмысшы топтары 8 топқа бөлініп жұмыс жүргізуде. Мұнан бөлек, қала және аудан орталықтарынан да жұмысшы топтары асқаталды. Жұмысшы топ мүшелерімен ғалымдарға Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің базасында және облыс орталығындағы мұрағаттарда арнайы жұмыс бөлмелері белгіленіп, материалдық-техникалық жадыктармен қамтамасыз етілген.

Қазіргі таңда жұмысшы топ мүшелері Қызылорда облысы ішкі істер департаментінде «ақталуға жатпайды» деген 12 қормен жұмыс жүргізуде. 1940-1950 жылдар аралығында сотталған, бірақ ақтауға жатпайтын азаматтар туралы 70 іс қаралып, 145 адам ақтауға ұсынылған.

Ғалымдар әрбір құжатқа мән беріп, саяси зобалаң зардабын тартқан азаматтардың істерін нақтылауға тырысты. Қаралған протоколдың барлығының шынайылығына көз жеткізу мүмкін емес. Олардың барлығы бір-біріне өте ұқсас. Сондықтан ол жөнінде нақты шешім қабылдау қиын. Жазықсыз жазаға ұшырағандар арасында күзетші, етікші, мақташы, молда болған адамдар бар. Тарихымызды таразылай отырып, өткен ғасырдың 20-40-жылдар аралығында саяси жазаға тартылған адамдардың көбісінің кінәсі жоқ дегуге негіз бар.

Саяси зобалаң зардабын тартқан тұлғалар аз емес. Солардың бірі – мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов. Сыр топырағында дүниеге келген айтулы азамат қазақ әдебиеті, мәдениеті, білім және өзге салаларда жемісті еңбек етті.

Ол 1934 жылы Алматыда өткен Бүкіл-қазақстандық халық өнерпаздарының бірінші слетін, 1936 жылы Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігін ұйымдастырды. Т.Жүргенов ұлттық мәдениет пен өнер саласы мамандарын даярлауға көп көңіл бөлді. Қазақ жастарының КСРО-ның орталық қалаларындағы оқу орындарында білім алуына көмек көрсетіп отырды. Мұхтар Әуезов, Жұмат Шанин, Әбілхан Қастеев сынды қайраткерлердің шығармашылық жұмыспен айналысуына жағдай жасады. Жүргенов Қазақстанда алғашқы музыка театрын (қазіргі Қазақ опера

және балет театры) ұйымдастыруға үлкен үлес қосты. 1937 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Осы жылы 3 тамызда халық жауы деген жалған айыппен ұсталып, ату жазасына кесілді. КСРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясының 1957 жылы 18 сәуірдегі шешімімен ақталған.

Жақында Қызылорда облысында тұғырлы тұлғаның 125 жылдығына арналған түрлі мәдени шаралар өткізілді. Облыс орталығында «Ұлт руханияты және Т.Жүргенов мұрасы: жасампаздығы мен зерттелу кеңістігі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияға отандық және шетелдік ғалымдар, ҚР ҰҒА академиктері, зиялы қауым өкілдері, мемлекет қайраткерлері, Халықаралық «TURKSOY» ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев қатысты. Жиында ұлт руханиятының көрнекті өкілі, мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің тарихына толы тағдыры, қазақ халқы үшін атқарған еңбегі туралы тың зерттеулер айтылды.

Конференция барысында Бейбіт Қойшыбаевтың «Комиссар Жүргенов» кітабының тұсаукесері өтті. Сондай-ақ Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ғылыми кітапханасында «Қазақ руханиятының жарық жұлдызы» тақырыбында арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Кейбір дерек көздеріне сүйенсек, өткен ғасырдың 20-40-жылдарында жергілікті ұлт өкілдерінің облыс халқы санына байланысты үлес салмағы біршама төмендеген байқау қиын екен. Бұл репрессия, соғысқа еліңің және кейінгі жылдарда өзге ұлт өкілдерінің түрлі себептен облысқа көшірілуі салдарынан болған. Бұл қазақтардың үлес салмағының азаюына алып келді.

Дильназ БАЙМУРАТҚЫЗЫ,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің

1-курс студенті  
Фатима ҚОЗЫБАҚОВА,  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры

## СОЛТҮСТІККЕ КӨШ: жұмыс та бар, үй де дайын

Өңірлік коммуникация орталығында бағдарламаның жүзеге асу барысы, солтүстік өңірлерге көшкендерге берілетін жеңілдіктер жайы айтылды. Брифингке облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Жанар Дәулетбаева, Ұлытау облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бөлім басшысы Ләззат Амангелдіна, Абай облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бөлім басшысы Мерхат Қабдешов, Қостанай облысы, Первомайский аудандық округінің әкімі Нұрбол Қосанов, Павлодар облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Нұрдан Әшімов қатысты.

Бүгінде Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Қарағанды, Ұлытау, Абай облыстары онтүстік өңірлерден көшіп келгендерді қабылдауға дайын. Яғни жұмыс орны да, тұрғын үй-жайы да бар. Бағдарлама аясында солтүстікке көшкендерге қандай жағдай жасалатыны туралы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Жанар Дәулетбаева айтты.

Басы 1-бетте



– Солтүстік өңірлерге қоныс аударушыларға және оның әрбір отбасы мүшелеріне бір рет 70 АЕК мөлшерінде материалдық көмек беріледі. Сонымен қатар тұрғын үй сатып алуға үй құнының 50 пайызын, бірақ 4 млн теңгеден аспайтын сомда қаржы беріледі. Тағы бір жеңілдік – бір жыл бойы үй жалдауға, коммуналдық қызмет ақысын төлеуге материалдық көмек беріледі. Мамандығына қарай жұмысқа орналастыру мәселесі де шешімін тапқан, – дейді ол.

Солтүстік өңірлерге көшу жайын халыққа түсіндіру мақсатында бірнеше облыстан келген арнайы өкілдер өз аймақтарында қандай бос жұмыс орны бар екенін мәлімдеп, бірнеше күн бойы сұраулар үшін бос жұмыс орындары жәрменкесін өткізуге дайын екендіктерін жеткізді.

Мәселен, Ұлытау облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бөлім басшысы Ләззат Амангелдіна Ұлытау өңірі қазір 26 отбасын қабылдауға дайын екенін, өңірде негізінен дәрігер, мұғалім, инженерлер жетіспейтінін мәлімдеді. Ал Абай облысынан келген өкіл Мерхат Қабдешов биыл 147 отбасын қабылдауға дайын екендіктерін, Абай өңірінде де жұмысқа орналастуға мүмкіндік көп екенін жеткізді. Оның айтуынша, Абай

облысына кен байыту орындарында жұмыс істейтін мамандар, дәрігер, мұғалім және ауыл шаруашылығы саласының мамандарына жұмыс еш қиындықсыз табылады. Қостанай облысынан ат арытып келген өкіл Нұрбол Қосанов өткен жылы да Сыр өңіріне келіп, өзімен бірге 6 отбасын ала кеткенін айтты.

– Көшіп келгендерге «өз күніңді өзін көр» деген түсінік жоқ. Барынша орналасып, жұмысқа тұрып, әбден үйренісіп кеткенше, тіпті кун сайын барып жағдай сұрап тұрамыз. Өткен жылы көшіп барғандар осындай шешім қабылдағанына риза. Еңбек етем деген адамға мүмкіндік мол, – дейді ол.

Ал Павлодар облысында көшіп келушілерге аяғынан тұрып кетем дегенше уақытша орналасатын жатақхана дайын екен. Тіпті алдын ала жағдайды көріп, өңірмен танысам дегендерге осы жатақханадан орын беріледі. Көшіп келушілерге жұмысқа орналасуға мүмкіндік көп екенін, тіпті кәсіп бастағандарға қолдау болатыны да айтылды.

Бір сөзбен айтқанда, көш басын солтүстікке бұрам дегендерге қолдау бар. Жұмыс та, баспана да, тіпті көмек те беріледі. Ең бастысы, елдің қай түкпірінде жүрсек те, Отанымыз бір екені белгілі. Бүгінгі брифинг түйіні осындай.

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ



# ЖАНАРМАЙ ЖЫРЫ: Қымбаттаған баға, алаңдаған халық



Мемлекет жанар-жағармай өндірісін ұлғайту мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Қазіргі таңда мұнай компаниялары жоғары қарқынмен жұмыс істегенімен нарықтағы жанармай тапшылығы жойылды емес. Осы орайда Премьер-министр отандық арзан жанар-жағармайдың түрлі жолмен өзге елдерге кетіп жатқанын тілге тиек етті. Арзан сұйық отынмен еліміздің мүддесін емес, шет елдің экономикасын жарылқап отырғандығын жасырмады. Мәселен, Мемлекеттік кірістер комитетінің берген мәліметіне сүйенсек, жыл басынан бері ел аумағынан жанар-жағармай өнімдерін заңсыз алып шығу әрекетінің 288 дерегі тіркелініп, Осыныша қылмыстың жолы кесілгенімен, мемлекеттік кірістер комитеті мұнай өнімдерін үшінші елдерге заңсыз әкетудің тағы 94 дерегін анықтаған. Нәтижесінде 1 миллион 500 мың теңге көлемінде айыппұл салынып, 2341 литр бензин мен 25335 литр дизель тәркіленген. Бұдан бөлек ЕАЭО мемлекеттерімен шекарада 63 мың литрден астам жанар-жағармай өнімдерін шығарудың 194 дерегі анықталған.

Елімізде заңсыз шығарылған сұйық отыннан түсетін пайда 50-ден 120 пайызға дейін жетеді екен. Энергетика министрлігінің мәліметі бойынша, жүк

Басы 1-бетте

көліктерінде қосымша цистерналардың болуы жанар-жағармайды 4 тоннаға дейінгі көлемде құйып алуына мүмкіндік береді. Мұндай жүк көліктері көрші елдерде тоннасына 700 доллар көлемінде табыс таба алады-мыс.

## Көрші елдегі жағдай ішкі нарыққа әсер етуде

Елімізде сұйық отын бағасының өсуіне мұның да әсері бар. Қанша дегенмен көрші елдердегі ахуал еліміздің ішкі нарығына әсер етпей қоймайды. Мәселен, былтыр Ресейде дизельдің бөлшек саудадағы бағасы Қазақстандағы бағамен теңесіп, бұл отын түрі арзандаған екен. Нәтижесінде екі ел шекарасы аумағында орналасқан жанар-жағармай бекеттерінде сұйық отын сату көлемі азайғаны байқалған. Бұл елімізде экономикалық жағынан тиімсіз. Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында бұрынғы министр Болат Ақшолоақов: көрші елдердегі бағаны күрт өсуі салдарынан біздегі дизель отынның өндіру арса да тапшылық байқалды деген болатын.

«Қазақпарат» ақпарат агенттігінде берілген мәлімет бойынша, сұйық отынның баға айырмашылығы биыл да сақталуда. Сала мамандары бұл

жағдай кайталанса берсе биылдың өзінде дизельдің 850 мың тонна тапшылығы туындауы мүмкін екенін айтады. Қазіргі таңда мұнай өңдеу зауыттары ең жоғары қуатпен жұмыс істеді. Десе де алдағы 6 жылда сұйық отынның көлемін бірнеше есеге арттыруға мүмкіндік жоқ. Осы орайда Энергетика министрлігі еліміз арзан отынмен өзге елдердің экономикасын жарылқап, өзімізге шығын келіп жатқанын да жасырмайды.

## Бензин қымбаттаса азық-түлік те қымбаттайды

Бензин қымбаттаса азық-түлік бағасының да өсетіні белгілі. Базардағы бағада тұрақтылық жоқ. Кит етсе пайдаланылатын қымбатшылықтың қиындығын қарапайым халық көреді. Министрліктегілер жанармай бағасының инфляцияға ықпалы туралы: біз бағаны екі есе өсіріп жатқан жоқпыз деп жауап берген. Яғни сұйық отынның қымбаттауы тауар бағасын өсіруге себеп

**Р.с:** Бензин бағасы барша жұрттың бас ауруына айналғаны қашан. Бүйірден қысатын қымбатшылықтың сұйық отынмен тығыз байланысты екенін ел жақсы біледі. Сондықтан алаңдайды. Бензин бағасының қымбаттағаны сол-ақ екен, такси қызметінің де құны өсті. Алдағы уақытта қоғамдық көліктегі жолақысы да қолма қол төлем бойынша 130 теңгеге өседі деген болжам бар.

А.СЕЙІЛ

Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

емес. Себебі соңғы екі жылда жанармай бағасы өзгермеген. Ал азық-түлік, басқа да тауар құнынның артуына басқа жағдайлар әсер еткен.

Жанармай бағасы өскен жағдайда, азық-түлік қымбаттай ма? деген журналистердің сұрағына Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғалин: – Баға өсімі тауардың түріне қарай әсер етеді. Жеңіл тауар болса аса қымбаттамайды. Ірі өнімдерге тиісінше өсуі мүмкін. Жанар-жағармай бағасы өскен жағдайда қант – 5, күнбағыс майы – 2,4 пайызға өседі деген болжам бар. Шамамен 15-17 теңгеге қымбаттауы мүмкін. Тағы бір айта кетерлігі, тауар өндіруші ірі кәсіпорындар қазір бензин, дизельмен жұмыс істемейді. Олар газға көшкен. Ал газдың бағасы әзір өспейді, – деп жауап берген болатын.

Министрдің айтуынша, биыл егіс жұмыстарына 413 мың тонна дизель отын бөлінген. Ол арзандатылған бағамен 204 теңге болған. Бұл баға өзгеріссіз қалмақ. Сондықтан жанармайдың қымбаттауы азық-түлік бағасына әсер етпейді. Сонымен бірге елімізде азық-түлік қоры сақталған.

Үкіметтегілер осылай дегенімен мезгілінде баға өсімінің байқалуы таң қалатын жағдай емес. Тапқан табысы тек ішкер асынан артымайтын қарапайым халықты тағы да қымбатшылық қыспағына кім кепіл?..

Аймақтағы ахуалға келер болсақ, өңірде 120-дан аса жанар-жағармай бекеті жұмыс істейді. Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мәліметінше, аймақта бөлшек саудадағы мұнай өнімдерінің бағаларына күнделікті таңдау жүргізіледі. Сұйық отыннан АИ-92 бензиннің 5 мыңнан аса, ал дизельдің 3 мыңнан аса қоры бар. Облыста 12 сәуірден бастап АИ-92 бензин – 205 теңге, дизель бағасы – 295 теңге болды. Қазіргі таңда тапшылықты қолдан жасамау үшін жедел штаб құрылып, алдын ала тұрақты таңдау жүргізілуде. Жанармай бағасына қатысты мәселелер облыс әкімдігінің тікелей бақылауына алынған.

Қазір қаладағы жанар-жағармай бекеттерінде АИ-92 – 202 теңге, дизель – 295 теңге болса, АИ-95 маркалы бензин бағасы – 207 теңге мен 212 теңге көлемінде сатылуда.



## «Көгілдір отынға» қосылады

Құрылыс жұмысы Досан елді мекенінен бастау алғандығы байқалады. Жұмыс қарқынды. Техникалар да, жұмысшылар да жеткілікті. Әрқайсысы өздеріне тиесілі жұмысты атқаруда. Көше бойынан өткен ауыл тұрғындары көңілді. Өйткені «газ кіреді» деп мәз болып жүр.

Сонымен қос елді мекенде атқарылатын жоба құны қанша, кімдер атсалысуда? Осы сұрақтарға тоқталсақ, республикалық бюджеттен 663 млн теңге қаралып, бүгінде құрылыс жұмысы басталды. «Ремстрой» мердігер мекемесі 40,6 шақырым газ құбыры бойынша құрылыс монтаждау жұмыстары жүргізуде. Құрылыс басында «Ремстрой» мекемесінің учаске басшысы Ербол Нұржановпен жолықтық.

– Негізгі Қосшыңырау ауылын газдандыру жұмысы сәуір айының 10-нан басталды. Бізге берілген тапсырма бойынша алты айда осы жобаны аяқтауымыз қажет. Бірақ техникалар мен жұмысшылар жағы жеткілікті болғандықтан, жұмыс қарқынды жүріп жатқандықтан одан ертерек бітіреміз деген жоспар бар.

Айта кету керек, осы жобаға біз ауылдан он бес шақты адамды жұмысқа тартып отырмыз. Яғни ауыл тұрғындары да жұмыспен қамтылды деген сөз. Олар да өз үлестерін қосуда. Дәл осы кезде Абай мен Досан ауылында арнайы белгіленген жер қазылып, газ құбырларын жүргізу жұмысы басталды. Сонымен қатар ауыл ішіндегі көше бойында да осындай жұмыс жүргізілуде. Ол жаққа да газ құбырлары тартылып жатыр, – деп жауап берді учаске басшысы.

Учаске басшысы айтқандай, жұмыс толығымен аяқталған кезде ауылда 592 тұрғын үй көгілдір отынмен қамтылатын болады.

## Көшелері мен жарығы жөнделіп...

Біз Қосшыңырау ауылдық округіне барған кезде ауылда жарық болмады. Себебі ауылдағы атқарылып жатқан қарқынды тірлікке байланысты жарық уақытша сөндірілген. Расында, көшелері жөнделіп, жарық бағаналары жандан орнатылып жатты.

Мамандардың айтуынша, республикалық бюджеттен бөлінген 56,5 млн теңгеге «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Досан ауылдағы 5 көше орташа жол жөндеу жұмысы жүргізіледі. Қазіргі күні «Әлем Қызмет Групп» мердігер мекемесі №17, 15, 4а көшелеріне асфальт төсеу жұмыстарын бастап кетті.

Оған қоса 3,8 млн теңгеге Досан ауылдағы №1 көшеге түнгі жарық бағаналары орнатылса, «Энергия Нұр» ЖШС мекемесі Абай ауылындағы саябаққа ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Міне, ауылда осындай тірлік жүреді.

Басы 1-бетте

Ақтоқын НҰРЛЫБАЙ  
Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

## «Ауыл аманаты» пилоттық жобасын білесіз бе?

Ең алдымен төменгі пайызбен берілетін несиеге тоқталсақ, бұл жоба бойынша жан-жақты түсіндірме жұмыстарын жүргізу басталды. Бұл – «Ауыл аманаты» пилоттық жобасы. Осы бағдарлама ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға, олардың табысын арттыруға бағытталған. Сондай-ақ жобаға қатысу ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру ісін жандандыра бастағандар үшін жақсы қолдау болмақ.

Жастар үшін осы бастама бағыттарымен түсіндіруді қала әкімінің орынбасары Дінмұхамед Ермеков қолға алды. – Бағдарламаны іске асыру үшін 2023 жылы Қызылорда облысына 3 млрд теңге бөлінді. Ал несиелерді беру маусым айынан бастау алады деп жоспарланған. Айта кету керек, бағдарлама аясында ауыл тұрғындары жеңілдетілген несие алып, техникаға лицензия ресімдей алады. Қарыз алу шарттары да өте тиімді, себебі ондағы пайыздық мөлшерлемелер әлдеқайда төмен. Мәселен, несие немесе микронесие мерзімі – 5 жыл. Ал мал шаруашылығы және ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру саласындағы жобалар бойынша 7 жылға дейінгі мерзімге 2,5% жеңілдетілген мөлшерлемелен шағын несие алуға мүмкіндік береді, – деді қала әкімінің орынбасары.

Пилоттық жоба аясында микрокредиттерді беру үшін сенім білдірген өкіл ретінде «Байқоңыр» ӨКҚ» ҰҚ» АҚ белгіленіп, «Өңірлік инвестиция орталығы» МҚҰ бөлімшесі арқылы іске асырылады деп жоспарлануда. Мұндай несиеңіз халыққа пайдалы болары анық. Сондықтан да ауылда қандай да бір өндіріс ашып, оны дамыту үшін бұл – үлкен мүмкіндік.

## Қаржыландыру бағыттары қалай?

Бұған бірнеше бағыт жатады. Біріншіден, өңдеу саласына қатысты жобаларды қаржыландыру. Оларға жылыжайлар, сүт, ет өндірісі, құс және балық шаруашылығы кіреді. Екінші, өсімдік шаруашылығын дамыту, одан кейінгі бағыттар – ауыл шаруашылығы кооперативтерін жабықтау, мал шаруашылығын дамыту және басқа бағыттағы бизнес жобалар.

## Несие алушыға қандай талаптар қойылады?

Бұл сұраққа да қала әкімінің орынбасары нақты жауап берді. Негізгі бірнеше талаптан тұрады. Яғни несие алушының жеке кәсіпорны болып тіркелуі, басқа да несиелер бойынша мерзімі өткен жарнаның болмауы, мемлекеттік кірістер органдар алдында берешектің болмауы, несие алушының жасы зейнеткерлік жасан аспауы тиіс, несиені кепілмен қамтамасыз ету (кепіл мүлкі қалада орналасқан жағдайда 70%, ауылдық елді мекенде орналасқан жағдайда 50% беріледі). Ауыл шаруашылығын жүргізу үшін қажетті жағдайлардың болуы (жер телімі, қора, тағы да басқалар). Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативіне мүшелікке кіру және қаржыландырылған жоба аясындағы өндірілген өнімді ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативке өткізу.

Басы 1-бетте

# ҚАЙТАРЫМСЫЗ ҚАРЖЫ: КІМДЕР АЛАДЫ, ҚАЛАЙ АЛАДЫ?



Сонымен қатар сенім білдірілген өкіл микрокредит алуға үміткер ұсынған құжаттардың мазмұны мен мәліметтерін тексеру мерзімі барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш тіркелген күннен бастап 3 жұмыс күнін құрайды. Құжаттар мен олардағы мәліметтер микрокредит беру шарттарына сәйкес келмеген жағдайда сенім білдірілген өкіл қайтару себептерін көрсете отырып, микрокредит алуға арналған құжаттар топтамасын қайтарды.

Құжаттар микрокредиттер беру талаптарына сәйкес келген жағдайда 15 жұмыс күні ішінде ұсынылған бизнес-жоба бағалау жүргізеді және микрокредитті мақұлдау не беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды. Мақұданған жағдайда үміткер микрокредит беру туралы шартқа қол қояды, содан кейін микрокредитті оның ағымдағы шотына аударады.

## «Бастау Бизнес» басталды

Мемлекет тарапынан әлеуметтік осал топтарға жататын атаулы әлеуметтік көмек алушылар, көпбалалы отбасылар, асыраушысынан айырылған, қоныс аударушылар мен қандастар, мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасылар 400 АЕК-ке (1380000 тг)

қайтарымсыз несиеге өтініш бере алады. Бүгінде несие беру жүйесі жүреді. Бұл жөнінде бізге облыстық кәсіпкерлер палатасының баспасөз хатшысы Балдырған Мәмен жауап берді.

– Бүгінде «Бастау Бизнес» жобасына қатысуға өтініш қабылдаудың бірінші легі аяқталды. Ол он күнге жалғасты. Жыл ішінде барлығы төрт лег өтеді. Грант мөлшері 400 АЕК-ке (1380000 теңге) тен. Әр қатысушы мұндай грантты бір рет қана ала алады. Айта кетейік, грантқа қатысты кез келген сұрақ бойынша ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанындағы өңірлік жұмыспен қамту орталықтарына жүгінуге болады, – деді Балдырған Мәмен.

## Гранттар қандай мақсаттарға беріледі?

Негізгі алушы өз кәсібін бастауға қажетті жабдық, еңбек құралдары, технологиялық жабдық, жануарлар, төрт түлік, құс, ағаш көшеті, бұталы өсімдіктер, тұқым, көшет сатып алу, жаңа бизнес идеяларды іске асыруға қажет орынжайды жалға алуға беріледі. Сондай-ақ гранттар несие телеу, тұрғын жылжымайтын мүлікті сатып алу және салу, жер учаскелерін сатып алу, акциялық өнімдерді өндіру сынды тұтынушылық мақсаттарға берілмейді.

## Өтінімді қалай береді?

– Ол үшін порталда тіркелу, грант алу шарттарына сәйкестікке тексеруден өту, бизнес-жоспар үлгісін жүктеп алу, оны толтырып, порталға қайта жүктеу, өтінім формасын толтырып, ӨЦҚ арқылы қол қою керек. Сонымен қатар «Бастау Бизнес» оқуына жазылу үшін business.enbek.kz порталында тіркеліп, оқу шарттарына сәйкестікті автомат тексеруден және оқу шарттарына сәйкестіктің өтуі керек. Шарттарға сәйкес келген қатысушы skills.enbek.kz порталына өтіп, оқуға кірісе алады. Халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік грант алуға үміткерлерге жұмыссыз ретінде тіркелгендер, жеке кәсіпкерлер жатады. Тіркеу мерзімі 3 жылға дейін. Бұл ретте үміткер мына санаттардың біріне жауып тиіс, олар – мүгедектігі бар азаматтар, «қандас» мәртебесі бар азаматтар, өңіраралық қоныс аударушылар, аз қамтылған отбасы мүшесі, көпбалалы отбасы мүшесі, мүгедектігі бар бала асырап отырған азаматтар, асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алушылар. Үміткердің «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін оқығанын растайтын сертификатты болуы керек. Сертификаттың мерзімі 3 жылдан аспауы керек, – деп түсіндірді облыстық кәсіпкерлер палатасының баспасөз хатшысы.

## Тігін тигуді дамытқым келеді

Жақында қайтарымсыз грант берудің бірінші легі өтті. Біз конкурса қатысып, грант иегері атанған қала тұрғыны, көпбалалы ана – Фарица Сатаеваны сөзге тарттық.

– Өзімнің мамандығым – модельер конструктор. Бірақ он екі жыл бойы бала күтімімен отырдым. Алғаға шүкір, бес баланың анасымын. Жастайымнан тігін тіккенді жақсы көремін. Осы кезде үйде тапсырыс қабылдап, тігін тигумен айналысамын. Алайда тігін машиналарым ескі болатын.

Мемлекеттің қолдауымен осы жобаға қатысып, грант иегері атандым. Оған жаңа заманауи тігін машиналарын сатып алдым. Жұмысым әлдеқайда жеңілденді. Себебі жаңа машиналармен тіккен бір бөлек. Қазірдің өзінде ұлттық киімдерді, бесік жасауын тігіп жатырмын. Өзірге өзім ғана айналысудамын. Алдағы уақытта өз алдына шеберхана ашып, тігуге ынтасы бар жандарды қаныма алып, жұмыспен қамтығым келеді, – деді грант иегері.

## Тілші түйіні

Жылдан-жылға осындай жобаларға қатысушылар саны артып келеді. Әрқайсысы кәсіп ашып, табыс көзін молайтып, әлеуметтік жағдайын жақсартуды көздейді. Бүгінде оған мемлекет тарапынан мүмкіндік мол. Тек сол мүмкіндікті тиімді пайдалана білсе, әрбір адам көздеген кәсібін ашып, жұмысын дөңгелете алады.

Айтпақшы, мақала соңында оқырмандар үшін керекті ақпаратпен бөліскіміз келіп отыр. Грант алуға өтінім қабылдаудың кезекті мерзімін білгілеріңіз келсе, 2-лек 15.05.2023 – 26.05.2023, 3-лек 10.07.2023 – 21.07.2023 4-лек 04.09.2023 – 15.09.2023 аралығында жалғасады.

Ақтоқын НҰРЛЫБАЙҚЫЗЫ

Меншік несі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдан 16 сәуірде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдарды нұсқалар редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтінін, деректер мен мәліметтерді нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігін ескертіледі.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.  
Таралымы 2959 Тапсырыс №637

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана СЕЙІЛ